



ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Сәт Тоқпақбаев – Халық қаһарманы

Қазақстан Республикасының мемлекет қайраткері, Халық қаһарманы, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаевтың өнегелі өмірін зерттеу арқылы жас ұрпақты Отанымыздың адал азаматы болуға, ел мен жер үшін, мемлекетті дамыту үшін қызмет етуге шақыру, патриоттық тәрбиені күшейту мақсатында Алатау қаласы №12 орта мектепте 7 сынып оқушыларымен «Сәт Тоқпақбаев -Халық қаһарманы» атты мұражай сағаты өткізілді.



Сәт ТОҚПАҚБАЕВ -
Қазақстан Республикасының мемлекет қайраткері, Халық қаһарманы, генерал-полковник

Қалыптастыруға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлес қосқан, Қазақстан Республикасының мемлекет қайраткері, генерал-полковник, «Даңқ», Барыс» ордендері мен 14 медаль иегері, 2024 жылы Халық қаһарманы атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» орденімен марапатталған.

Қорытынды сөзде Жаңадәуір ықшам ау-

даны «Асыл ана» бірлестігінің басшысы, еңбек ардагері Күреңкеева Ақбала Байқонысқызы: -Бүгін сіздер ауылымыздың тарихына шолу жасап, жерлесіміз Сәт Тоқпақбаевпен таныстыңыздар. Көріп отырсыздар, ол кісі мектептен кейін ауылда қарапайым жұмысшы, кірпіш заводында істегенін айттыңыздар. Ауылда екі жыл жұмыс істегеннен кейін Сәт Тоқпақбаев білімге ұмтылып, оқудың арқасында жоғары білім алып, үлкен биіктерге қол жеткізді. Ол кісі тәуелсіз Қазақстанның ірге тасын қаласып, күштік құрылымдарды дамытты, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасы, Президенттің Кеңесшісі, Президенттің Күзет қызметі басшысы, Республикалық гвардия қолбасшысы, Қорғаныс министрі секілді көптеген жоғары қызметтерін атқарған. Қазір зейнетте болса да, оқу орындарында кездесулерге барып, жастарға патриоттық тәрбие беруге үлес қосуда. Сәт Тоқпақбаев аталарының өмірінен үлгі өнеге алып, сіздер де патриот, ел мен жер үшін қызмет ететін адал азаматтар болып қалыптасуларыңа тілектеспін-деді.

Оқушылар қаһарман жерлесіміздің өмірі мен қызметіне тоқтала отырып, жырдан шашу шашып, күй тартып, өнер көрсетті. Шара соңында белсенді оқушылар сыйлықпен марапатталды.

Ш.РАЙЫМБЕКОВА,
Алатау қаласы №12 орта мектептің тарих пәні мұғалімі.

АТА ЗАҢ ЖОБАСЫ

Тиімділік пен жауапкершілік моделі

Жаңа Конституция жобасында бір палаталы парламент құру туралы ұсыныстың айтылуы-елдің саяси жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды бастама. Бұл мәселе қоғамда қызу талқыланып, мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен демократиялық тепе-теңдік тұрғысынан бағалануда.

Қазіргі таңда Қазақстанда заң шығарушы орган екі палатадан-Қазақстан Республикасының Парламенті, яғни Мәжіліс пен Сенаттан тұрады. Ал жаңа жобада бір палаталы модельге көшу мүмкіндігі қарастырылса, бұл құрылымдық өзгеріс саяси жүйеге елеулі ықпал етпек.

Бір палаталы парламенттің басты артықшылығы-заң қабылдау үдерісінің жеделдеуі.

Құжаттар екі деңгейде қараламай, бір ғана өкілді органда талқыланады. Бұл заң жобаларын қабылдау мерзімін қысқартып, бюрократиялық кедергілерді азайтуы мүмкін.

Сонымен қатар, бір палаталы жүйе шешім қабылдау жауапкершілігін нақтылайды. Заңның сапасы мен мазмұны үшін жауапкершілік бір органға жүктеледі. Бұл депутаттардың есептілігі мен ашықтығын арттыруға ықпал етеді.

Бір палаталы парламенттің тиімді жұмыс істеуі үшін оның құрамы халықтың әлеуметтік және аймақтық құрылымын толық қамтуы қажет. Яғни өңірлердің мүддесі ескеріліп, түрлі әлеуметтік топтардың даусы естілетін тетік сақталуы тиіс.

Сарапшылардың пікірінше мұндай модельде сайлау жүй-

есін жетілдіру ерекше маңызға ие. Пропорционалды және мажоритарлық элементтердің үйлесуі халық өкілдігінің сапасын арттыра алады.

Екі палаталы жүйенің артықшылығы-заң жобаларын қосымша сүзгіден өткізу мүмкіндігі. Яғни, басты мәселе палаталардың саны емес, заң үстемдігін қамтамасыз ететін институттардың тиімді жұмыс істеуі.

Конституциялық бақылау, қоғамдық сараптама және сот жүйесінің тәуелсіздігі осы тұрғыда маңызды рөл атқарады. Яғни, басты мәселе палаталардың саны емес, заң үстемдігін қамтамасыз ететін институттардың тиімді жұмыс істеуі.

Бір палаталы парламент идеясы-саяси реформалардың логикалық жалғасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Егер бұл қадам мемлекеттік басқарудың

ашықтығын, тиімділігін және халық алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталса, онда оның әлеуеті жоғары.

Дегенмен, мұндай шешім жан жақты қоғамдық талқылауды қажет етеді. Себебі парламент-халық еркін білдіретін негізгі институт. Оның құрылымы да қоғам мүддесіне сай болуы тиіс.

Қорытындылай келе бір палаталы парламент туралы бастама-елдің саяси жүйесін жаңғыртуға бағытталған маңызды ұсыныс. Бұл өзгеріс тиімділік пен жауапкершілікті арттыруы мүмкін, алайда тепе-теңдік пен бақылау тетіктерін сақтай отырып жүзеге асырылғаны жөн.

Зейітнұр ҚАЗИЕВ,
ардагер ұстаз.
Тұздыбастау ауылы.
Талғар ауданы.

Халық еркін білдіретін құжат

Конституция-мемлекеттің негізгі заңы ғана емес, халықтың ортақ еркі мен мүддесін айқындайтын саяси-құқықтық құжат.

Жаңа Конституция жобасының «халық еркін білдіретін құжат» ретінде бағалануы-оның мазмұны мен мәніне берілген маңызды сипаттама. Өйткені кез келген демократиялық мемлекетте биліктің қайнар көзі-халық.

Жаңа жоба қоғам сұранысына жауап беруімен ерекшеленеді. Соңғы жылдары ел ішінде саяси жаңғыру, әділеттілік, ашықтық және есеп берушілік қағидаттарын күшейтуге бағытталған талаптар айқын көрінді. Конституция жобасы осы қоғамдық сұраныстарды ескеріп, мемлекет пен азамат арасындағы қатынастарды жаңа деңгейге көтеруді көздейді.

Конституцияда халықтың билік көзі екен-

дігі нақты көрсетіледі. Бұл қағида жаңа жобада тек декларативті норма ретінде емес, нақты тетіктер арқылы бекітілуі тиіс. Азаматтардың сайлау арқылы, референдум арқылы, қоғамдық бақылау институттары арқылы мемлекеттік шешімдерге ықпал етуі-шынайы халықтық басқарудың негізі.

Жаңа жоба азаматтардың саяси процестерге қатысу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған. Бұл-мәслихаттар мен парламенттің рөлін арттыру, жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту, қоғамдық пікірді ескеру сияқты өзгерістер арқылы көрініс табады. Мұның барлығы-халықтың еркін мемлекеттік саясатқа енгізудің нақты жолдары.

Конституция-тек құқықтық акт емес, қоғамдық келісімнің символы. Ол әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен қатар ортақ жауапкершілікті де айқындайды. Жаңа жоба осы тепе-теңдікті сақтай отырып, ел ішіндегі тұрақтылық пен бірлікті нығайтуға бағытталған.

Халық еркі тек сайлауда ғана емес, күнделікті қоғамдық белсенділікте де көрінуі керек. Азаматтық қоғам институттарының дамуы, ашық диалог мәдениетінің қалыптасуы Конституция қағидаттарының өмір-

шендігін қамтамасыз етеді.

Жаңа Конституция жобасы әділеттілік ұғымын негізгі басымдықтардың бірі ретінде алға шығарады. Әділ сот, заң үстемдігі, билік тармақтарының теңгерімі-мұның бәрі халық сенімін арттыруға бағытталған. Егер негізгі заң шынайы түрде халықтың мүддесін қорғай алса, онда ол ел дамуының сенімді тірегіне айналады.

Конституция-уақыт талабына сай жаңарып отыратын тірі құжат. Жаңа жоба елдің ұзақ мерзімді дамуына бағытталған стратегиялық бағдарды айқындайды. Экономикалық жаңғыру, әлеуметтік кепілдіктер, саяси реформалар-барлығы халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейді.

Қорытындылай айтқанда, жаңа Конституция жобасының халық еркін білдіретін құжат ретінде бағалануы-оның мазмұны мен рухына берілген әділ баға. Халықтың үні естілетін, құқықтары қорғалатын және жауапкершілігі айқындалған қоғам ғана тұрақты әрі табысты мемлекет құра алады.

Дархан ЕРБОСЫНОВ,
ардагер ұстаз.
Қараой ауылы. Балқаш ауданы.

15 НАУРЫЗ МАРТА **РЕФЕРЕНДУМ**
Ваше голос каждого из нас

Ел болашағына бастар маңызды қадам

Ел өміріндегі саяси маңызы зор оқиғалардың бірі – Конституциялық референдум. Бұл – халықтың өз еркін білдіріп, мемлекет дамуының стратегиялық бағытын айқындауға тікелей қатысатын маңызды тетік. Осыған орай 15 наурыз күні өтетін Конституциялық референдумға байланысты аудан көлемінде түсіндіру және ақпараттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Аталған маңызды науқан аясында аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында кеңейтілген жиын өтті. Жиынға мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері, салалық бөлім жетекшілері мен тиісті мамандар қатысты. Басқосуда референдумның маңыздылығы,



оның өткізілу тәртібі және халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын сапалы ұйымдастыру мәселелері жан-жақты талқыланды.

Жиында аудан әкімінің орынбасары Кеңес Күнесбайұлы баяндама жасап, алдағы референдумның ел дамуындағы орны мен мәніне тоқталды. Ол өз сөзінде референдум – халық билігінің айқын көрінісі екенін атап өтіп, әрбір азаматтың саналы таңдауы мемлекет болашағына тікелей әсер ететінін жеткізді. Сондай-ақ, ақпараттық жұмыстардың мазмұнды, нақты әрі қолжетімді болуы аса маңызды екеніне назар аударды. Кеңес Күнесбайұлы халықты ақпараттандыру деңгейін нақтылап, бұл бағыттағы жұмыстардың әлі де жүйелі жалғасуы керектігін айтты. Әсіресе, шалғай елді мекен тұрғындарына толыққанды әрі түсінікті ақпарат жеткізу, тұрғындардың сұрақтарына нақты жауап беру, заңнамалық өзгерістердің мәнін қарапайым тілмен түсіндіру қажеттігі баса айтылды.

Жиын барысында тиісті мамандарға бірқатар нақты тапсырмалар жүктелді. Ауылдық округтерде кездесулер ұйымдастыру, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы түсіндіру жұмыстарын күшейту, еңбек ұжымдарында арнайы жиындар өткізу міндеттелді. Сонымен қатар ақпараттың ресми дереккөздерге сүйене отырып таратылуы, жалған мәліметтердің алдын алу мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ.

Референдум – елдің саяси мәдениетінің көрсеткіші. Ол – азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуының айғағы. Сондықтан әрбір тұрғынның өз таңдауына жауапкершілікпен қарауы – уақыт талабы.

Жиынға қатысушылардың барлығы 15 наурызда болатын Референдумға өз отбасыларымен толық баратындықтарын айтты.

Кеген ауданы

БАСНАСОЗ-2026

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, салжандылыққа, имандылық пен ибаалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырылған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз дессеніздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы - **6371,52 теңге**

Алты айға жазылу бағасы - **3185,76 теңге**

Индексі - **65472**

● МҰҚАГАЛИ МАҚАТЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА -95 ЖЫЛ!

Алматы облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемекеттік мекемесінің Шелек ауылдық округ филиалында қазақтың ақын ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Мәңгілік жырдың әуені» атты ақын шығармашылығына арналған караоке кеші ұйымдастырылды. Іс-шара филиалдың жылдық жоспары негізінде Шелек ауылдық округ филиалының ұйымдастыруымен өткізілді.

Мәңгілік жырдың әуені

Мұқағали Мақатаевтың әндері – қазақ поэзиясының жүрекпен жазылған сырлы әлемі. Ақынның өлеңдеріне жазылған әндер адам жанының нәзік сезімдерін, махаббатты, туған жерге деген сағынышты, өмір мен уақытты білдіреді. Мұқағали әндері тыңдарманды ойландырып қана қоймай, жүрекке жылу сыйлайды. Әрбір әнінде ақынның шынайы көңілі, өмірге деген көзқарасы мен адамға деген махаббаты көрініс табады. «Сәби болғым келеді», «Фаризаға», «Дариға жүрек», «Мен деп ойла» және басқа да көптеген әндері халықтың сүйікті шығармаларына айналып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Караоке кешіне 25 тыңдаушы қатысып, ақынның жүрекке жақын өлеңдерін әнге қосып орындады. Шара барысында қатысушылар Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы қысқаша мәлімет алып, ақынның сырлы лирикасына толы әндерін орындап, өнерлерін көрсетті. Кеш барысында «Жыр – мәңгілік мұра», «Әнге айналған жырлар» кезеңдері бойынша ақын өлеңдеріне жазылған «Саржайлау», «Есіне мені алғайсың», «Бақытты балалық шақ» және тағы басқа әндері шырқа-

лып, сондай-ақ тақырып аясындағы танымдық сұрақтарға жауап берілді. Қатысушылар ақын әндерінің басты ерекшелігі қарапайымдылығы мен тереңдігін сезініп, халық жүрегінде мәңгілік жыр болып қала беретіндігін түсінді. Мұқағали әндері – қазақ поэзиясының жүрекпен жазылған сырлы әлемі. Кеш әсерлі өтіп, тыңдаушылар өз өнерлерін ортаға салып, рухани байлықтарын көрсетті. Іс-шараның мақсаты Мұқағали Мақатаевтың бай мұрасын насихаттау, ақынның лирикаға толы әндеріне деген сүйіспеншілікті арттыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру және тыңдаушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болды. Ақын әндерінде туған жерге сүйіспеншілік, анаға құрмет, достық пен адалдық секілді асыл құндылықтар дәріптеледі. Сондықтан Мұқағали әндері уақыт өткен сайын жаңғырып, халық жүрегінде мәңгілік жыр болып қала береді.

Балжан АХМЕТОВА,
Алматы облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Шелек ауылдық округ филиалының меңгерушісі.

● ҰЛТ РУХАНИЯТЫ

Мұқағали оқулары

Қазақ поэзиясының мұзбалақ ақыны, халқымыздың рухани әлемін терең мағынамен байытқан Мұқағали Мақатаевтың мерей тойына орай республика көлемінде тағылымды іс-шаралар ұйымдастырылуда. Солардың бірі – жас ұрпақтың әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық рухты нығайтуды мақсат еткен дәстүрлі «Мұқағали оқулары». Аталған әдеби-рухани байқау №25 мектеп-гимназиясында жоғары деңгейде өтіп, мазмұны мен ұйымдастырылуы жағынан көпшілік көңілінен шықты.



жерге деген сүйіспеншілік, адамгершілік пен ар-намыс мәселелері кеңінен көрініс тапты.

«Жыр эстафетасы» бағыты оқушылардың есте сақтау қабілеті мен поэмаларды терең түсіну деңгейін көрсетті. Ақынның поэмаларынан үзінділерді жатқа айту барысында қатысушылардың дайындықтары мен жауапкершілігі айқын аңғарылды. Әрбір орындаудан Мұқағали жырларындағы өмір шындығы мен адам тағдырына деген жана-шырлық сезілді.

Музыкалық бағыт – «Дариға, домбырамды берші маған» бөлімі көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады. Ақын сөзіне жазылған әндер жанды дауыста орындалып, ұлттық әуен мен поэзияның үйлесімі сахна төрінде айқын көрініс тапты. Бұл кезең көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, іс-шараның мазмұнын одан әрі байыта түсті.

Іс-шара барысында түсірілген фотосуреттер байқаудың рухани атмосферасын айшықтай түсті. Сахнада өнер көрсеткен оқушылардың толғанысы, көрерменнің ықыласы, ақын мұрасына деген құрмет – барлығы да бір мақсатқа тоғысқанын аңғартты. Әрбір кадр ұлттық тәрбиенің, әдебиетке деген сүйіспеншіліктің жарқын көрінісіне айналды.

Байқау соңында әділқазылар алқасы қатысушылардың дайындық деңгейінің жоғары екенін атап өтіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттады. Ұстаздар мен ұйымдастырушылардың еңбегі ерекше бағаланып, шығармашылық ізденіске жол ашқан мұндай іс-шаралардың маңызы зор екені айтылды.

Қорытындылай келе, «Мұқағали оқулары» – жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ұлттық әдебиеттің құндылығын дәріптейтін маңызды алаң. Мұқағали Мақатаевтың мәңгілік мұрасы жас жүректерде жаңғырып, ұлт руханиятының темірқазығы бола бермек.

Аяла ТҮРКЕБАЕВА,
№ 25 мектеп-гимназия директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары.
Талғар ауданы.

● МНЕНИЕ ЧИТАТЕЛЕЙ

НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ – ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ

Как и многие наши граждане, я с интересом ознакомился с новой редакцией Конституции страны. В моей жизни эта Конституция будет пятой по счету. Родился, вырос, окончил школу, поступил в вуз я при «Сталинской Конституции» 1936 года, день принятия которой — 5 декабря — всегда был выходным.



В 1977 году Красная империя взяла курс на построение развитого социализма, и была принята новая Конституция СССР. После объявления независимости Парламентом РК в 1991 году была принята первая Конституция суверенного государства. А 30 августа 1995 года, как мы помним, был проведен референдум по принятию новой Конституции, действующей и ныне как основной закон страны. Он позволил преодолеть назревавший политический кризис, укрепил исполнительную вертикаль власти, способствовал созданию основы для проведения быстрых рыночных реформ в экономике и привлечению зарубежных инвестиций. К слову, при принятии этой Конституции меня назначили председателем комиссии по проведению референдума в Энергетическом поселке, и именно тогда я впервые понял всю ответственность и важность подобных мероприятий.

и своевременной реакции на стремительные изменения в глобальном мире. Главное направление конституционной реформы — создание справедливого правового государства с особым вниманием к защите прав и свобод граждан. Изменения направлены на усиление связи между властью и народом, расширение местного самоуправления, открытость и прозрачность процесса принятия важных для общества решений.

Однако время не стоит на месте, и сегодня, три десятилетия спустя, мы видим, что вновь назрела необходимость внести изменения в главный документ страны в соответствии с предложенными идеями нашего Президента — Касым-Жомарт Токаев — для устойчивого будущего государства

Для нас, членов совета аксакалов, повидавших, как говорится, жизнь, одним из главных критериев стабильности и прогресса остаются единство многонационального народа и мир на благословенной Казах елі. Итоговый проект Основного закона после обсуждения в комиссии по конституционной реформе уже опубликован и будет вынесен на референдум, дата которого определена. Пользуясь случаем, приглашаю вас 15 марта прийти на референдум и проголосовать за наше будущее.

Гафуржан Суюндиков,
председатель совета аксакалов Энергетического сельского округа.

● АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІ

ЕРЛІК РУХЫН ДӘРІПТЕЙТІН КҮН

15 ақпан-Ауған соғысында қаза тапқан сарбаздарды еске алу күні. Бұл күн тарихымыздың қасіретті де тағылымды кезеңін еске салып, ерлікпен қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым ететін, ардагерлерге құрмет көрсететін маңызды дата болып тарих парағына жазылды. Туған жерге оралмаған жерлестерімізді еске алу, олардың есімін ұлықтау және көзі тірі ардагерлерге құрмет көрсету күні ретінде аталып өтіп келеді.

Қонаев қаласының Орталық саябағындағы салтанатты шара барысында әскери қызметшілер дағы республикалар үшін үлкен мәнге ие болды. Бұл соғысқа Қонаев өңірінен де азаматтар



мен ардагерлер Ауған соғысы құрбандарының ескерткіші алдына жиналып, қаза болған жауынгерлердің рухына тағзым етті. Бір минут үнсіздік жарияланып, батырлардың есімдері құрметпен аталды.

дағы республикалар үшін үлкен мәнге ие болды. Бұл соғысқа Қонаев өңірінен де азаматтар

қатысып, әскери борышын абыроймен атқарды. -Отты жылдары бейбіт өмір үшін күрескен қазақстандықтар сапында Қонаев аймағының азаматтары да ерлік үлгісін танытып, жан аямай отқа түскені белгілі. Жерлестеріміз Александр Ехнишев, Сергей Бражник, Ербол Айқынбетов майдан даласында қаза тапты. Олардың есімін жас ұрпаққа жеткізу, ерлік істерін насихаттау, тарихтан әділ бағасын беру басты бағыт-

тарымыздың бірі болып саналады. Елге аман-есен оралған 40 қарулас бауырларымыз бүгін біздің арамызда жоқ. Олар алған жаракаттарынан өмірден ерте қайтты. Қазір ұйымдағы 92 ардагер жастарды патриотизм рухында тәрбиелеуде өздерінің сүбелі үлестерін қосып жүр,-деді Қонаев қалалық Ауған соғысы ардагерлер ұйымының төрағасы Қанат Молдабергенов.

Жиында сөз алған Алматы облысының қорғаныс істері жөніндегі Ардагерлермен жұмыс қызметінің бастығы, майор Шухрат Кабиров, Қонаев қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Жеңіс Төребеков, қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев, Алматы облысы ҚХА Қонаев қалалық аксақалдар кеңесінің төрағасы Бақытбек Дәулетов, 6654 әскери бөлімшенің майоры Мұхит Утеулин, Қонаев қалалық Ауған соғысы ардагерлері ұйымы төрағасының орынбасары Виктор Рошин Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігі мен қайсарлығы бүгінгі ұрпаққа өнеге екендігіне тоқталып, олардың қай-қайсысы болмасын елге адал қызмет етудің, антқа беріктіктің, жауынгерлік достық пен бауырмалдықтың жарқын үлгісі екендігін атап өтті.

Арада қанша жыл өтсе де, 15 ақпан ел үшін жанын қиған боздақтарды еске алып, ардагерлерге тағзым ететін, ерлік пен отансүйгіштік рухын дәріптейтін күн болып қала береді.

Заңғар АЛТАЙ.

● ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ЖОМАРТ ЖҮРЕК ЖАНКЕЛМІ

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген емес пе?! Ежелден ақ ел арасында өнегелі ісімен, қайырымдылығымен, көзге түсіп, қолында барын жапалақша бауырына басып алмай, қырандай айналасына шашып, таратып жүретін жомарт жандар арамсызда баршылық. Олар атақ, не жоғары мансапқа жету үшін емес, жоқ-жітіктің, әлеуметтік осал топтардың жағдайын көріп, солардың ең болмаса жел жағына шығып, пана, қара домалақ балаларына қамқоршы болып жоқшылықтың ащы дәмін тартпауы үшін қамын жеп мүмкіндігінше көмегін көрсетіп жүргені. Осындай жаны дархан, құшағы кең дархан азаматтардың бірі де бірегейі ауылдасымыз, қарапайым отбасынан шыққан Жанкелді Осан десек, асыра айтқандық болмайды. Өйткені оның әр құтты қадамын, қарапайым елге аянбай жасап жатқан жүрек жарды қызметін құлақпен естіп емес күнделікті көзбен көріп жүрген кісілердің біріміз.



Жанкелді-ауылда өсіп, ес біліп, етек жинағаннан бастап, мұндағы тіршіліктің ыстығына күйіп, суығына да тонып, қара қазанда қайнап шындалған баланың бірі. Жылқышы әкесімен бірге небір шу асауларға бұғалық салып, оған қарғып мініп, жазықты бір айналғанда ақ тарпаң жылқыны жөнге келтіретін, жуасытып айтқанына көндіретін. Әкелі-балалы екеуінің тақымында да біз білмейтін тылсым күш, қуат бар деп, ауылдастары таң қалып жататын. Осылай бала кезінен-ақ көрген бейнеті қатты болса да болашаққа тапқаны тәтті болатынын көріп шыныққан шымыр болып өсті. Шу асауды құрықтаған жігіт те өсе келе тұлпардай мықты болады деген аталар сөзі шындыққа айналғандай. Оның өміріне осы қағидағ дәлме-дәл айтылғандай. Кейбір қатарластары секілді ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүрмеді. Жылқы бақты әкесіне қолқанат болды. Бойына қайрат, басына ой жинап есейді.

«Әке ақылы ақыл-ақ, кісі ақылы-шоқалақ» демекші, мектепте де оқуға, білімге деген ынта ықыласымен, шаруаға да бейімділігімен көзге түсіп жүрді. Ақыл айтушылардың бірі ауылда қал, әкенің ізін бас, енді бірі оқуыңды жалғастыр, білім болашағы қалада деп, жөн сілтеді. Талапты жас жоғарғы оқу орнына түсіп, студенттік қызықты шақты бастан кешіремін деп жүрмей, табылған жұмысқа кірісіп, табыс тауып, тіршілігін оңалтуға бет бұрды. Тіпті тапқан табысының бір бөлігін үйіне жіберіп, қолғабыс жасады. Әрекет еткен әр адамның өмірі жалқаулықтан арылатыны, берекелі болатынына осылай көз

жете бастады. Еңбексіз даяр тұрған айлықтың да, мол байлықтың да жоқ екенін түсінді. Байлық та, береке де тек еңбекпен келеді деген әке сөзін көкейіне түйіп, бағдаршам етіп ұстанды. Мектепте де, институт қабырғасында спортпен айналысып қайратты, күші мығым ешкімге дес жібермейтін жігіт болып өсті. Мәні де, маңызы да жоқ сауық сайраннан, жат әдеттерден бойын аулақ ұстанды. Салауатты, байыпты өмір салтын ұстады. Жетелі жігіттер санатына осылай қосылып жүрген жерінде кеуде көтермей үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетті. Әркімнің бір бет алатын құбыласы бар. Сонда жақсылыққа жарысындар. Қайда барсаңдар да Алла барлығыңды бір араға жинайды. Күдіксіз Алланың әр нәрсеге күші жетеді,-депті бұқара сүресінің 148 аятында, қасиетті кітабымыз осылай дейді. -Құдай жасаған жақсылығына он еселеп жақсылық жасайды. Демек, бұл өмірде есепсіз ешнәрсе жоқ. Жақсылық қылсаң да өзіңе, жамандық қылсаң да өзіңе деген екен. Оқып, өмірді тоқып, осылай басқа жаққа бұра тартып кетпей, таңдаған оң жолын, ақ жолын жалғастыра берді. Оқуын бітірісімен қызметке араласты.

Еліміз егемендік алып, Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін жаңа өмір есігін айқара ашты. Нарық заманы басталды. Өмірге кәсіпкерлік түске кірмеген бизнес деген ұғымдар енді қанатты құстай санғады. Заң аясында аянбай адал еңбек етіп, көзін тауып, кәсіппен шұғылданамын дегендерге кең жол ашылды. Жанкелді де көп елдің бірі болып, кәсіпкерліктің дауылды толқынымен алысып, көк теңізге

қойып кетті. Әрине қанша мықты, алғыр болсаң да бірден дәулетке жетіп, байлыққа кенеліп кете алмайсың. Кәсіпкерлік жолда көрінбес жартастар, болжамаған көрінбес қамалдар бар екенін жүре білді. Бір жығылып, бір тұрды және бұл салада тек өзінді ойлап, өзіншілікке салынсаң, қара бастың қамын ғана ойласаң, жолың болмайтынын өз түйсігімен сезе бастады. Аяғынан тік тұра бастаған алғашқы күндерден бастап-ақ ауыл аймаққа келгенде мүмкіндігі шектеулі жандарға, көпбалалы отбасыларға тапқан табысынан бөліп беріп жүрді. Жасаған жақсылығының шапағаты тиетінін сезді. Осындай істеріне әкесі, өзінің отбасы тарапынан да қолдау тапты.

Уақытты тоқтап алмайсың. Айлар жылжып, жылдар өтіп жатты. Кешегі жылқышының ұлы Тәуелсіздік сыйлаған дәуірлеу заманында өзінің адал еңбегімен, қайырымдылығымен елге деген қамқорлығымен ел аузына ілініп, олардың тарапынан лайықты құрметке бөленген көрнекті кәсіпкердің бірі ретінде атала бастады. Осыдан он шақты жыл бұрын өз ауылына жасаған жақсы істері Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев Құрылтайда, Жолдауларында айтқан «әр меценат, әр кәсіпкер өз ауылына, туған жеріне тірек болуы керек»,-деген сөзімен үндесіп жатты. Шалғайдағы шағын Жаңашаруа ауылына мектеп, мешіт сияқты сәулетті ғимараттарды салып, сыйға тартты. Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып, азық-түлікпен көмектесіп, балаларын оқуға жіберіп, барлығына қамқор болып тыным таппай жүргені.

Адам жанының басты байлығы-мейірім мен қайырым,- деп жазыпты атақты ақын Темірхан Медетбек. Осы ұғым Жанкелдінің де өмірлік ұстамына айналғандай. Ол ауыл аймағында, тіпті облыс көлемінде қандай жауапты қоғамдық жұмыс өткізілмесін, соның дәл ортасында жұлдыздай жарқырап жүреді. Соның бір жарымын тілге тиек етсек. Айталық, Райымбек бабамыздың үш жүз жылдығын өткізу, Алматы қаласында батыр атамыздың ескерткішін тұрғызу, Әлмерек абыздың Ұйғыр ауданында кесенесін салу сияқты, үлкенді-кішілі жұмыстардың ойдағыдай бітуіне демеушілердің бірі болды. Сол сияқты Шелек ауылындағы жаңа салынған мектеп гимназиясын жаңа құрал жабдықтармен қамтамасыз етті. Ауыл болғаннан кейін, ауру-сырқау тұрмысы төмен отбасылар да кездеседі. Осыдан үш төрт жыл бұрын Жанкелді Шелек ауылынан екі отбасыға үй сатып алып беріп, кілтін табыстады. Елімізде мемлекетіміздің шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі қамқорлығының арқасында жағдайын түзеген дәулетті азаматтар бар. Олар көбінесе өндіріс емес базар ашып, тойхана салып, бірлі жарлы адамдарды жұмыспен қамтып жатқанына қуанамыз. Алайда қайырымдылық, тағы басқа қоғамдық шаралар өткізетін дегенде шық бермес Шығайбайдың төбесін көрсетпейтіндер де кездеседі. Елім дегеннің еңесі биік, тек өзін дегеннің ертеңгі тартары күйік екенін естен шығарады.

Өткен жылдың соңғы айларында қоғамдық ортада Жанкелдімен кездесіп қалғанымыз бар. Аймағымыздың бірсыпыра бетке ұстар қариялары әңгімелесіп отырған. Ақсақалдарды көрген Жанкелді табалдырықты аттасымен оларға келіп сәлемін беріп жағдайын сұрап, мәре-сәре болып жатыр. Отырғандар оған ризашылық білдірді. Әңгіме ауаны аудан, ел жаңалықтар төңірегінде еді. Одан кейін әңгіме қазіргі баспасөз қал жағдайына, газет-журналдарға жазылу барысына, онда кездесіп жатқан мәселелерге ұласып кетті. Үндемей тындап тұрған Жанкелді де бір сәт орнаған үнсіздіктен кейін сөзге араласты.

– Ағалар, қазір мына телефон, гаджет дегеннен көз алмайтын заман болды Олар жастарға ұлағаты ақпарат беріп жатқаны шамалы әсіресе көруге ұят, құндылығымызға жат нәрселерді жариялап жаста-

рымыздың тәрбиесіне теріс ықпалын тигізіп жатыр емес пе.

- Жанкелді, айтқаның орынды. Бұрынғыдай емес баспасөзге жазылу жұмысына жөнді мән берілмейтін болды. Газет- журнал сияқты ықпалды тәрбие құралынан шеттеп қалдық. Жазылатындар қатары азайды. Кейбіреулер күнделікті шығып жатқан газет - журналдардың атауын білмейді,- деді бір ақсақал.

Алматы облысы қайта құрылғалы бері облыс әкімінің қаулысымен «Алатау арайы» және республика көлемінде тек біздің облысымызда «Алатау ардагері» газеті шыға бастады. Оларға да жазылып жүргендер қатары аз. Аталған газеттерде мазмұнды материалдар мәнді мақалалар оқырмандардың шығармалары, тағы басқа тәрбиелік мазмұны жоғары материалдар көптеп жарияланып жатыр. Газетке жазылып қолдауымыз керек. Өзге жердегідей емес біз жақта да суырылып шығып, ардагерлерді газеттерге жаздырып жіберейін деген демеушілер де некен,-саяқ деп сөз жалғады отырғандардың біреуі.

- Ағалар айтқандарың жөн, ол маған да қатысты. Мен де қарап қалмаймын, қаржыдан тапшылық көрмейсіздер,-деп Жанкелді бір қайырып тастады.

- Рахмет шырағым. Көсеңге көгерсін, табысын молайсын-деп отырған ақсақалдар батасын берді.

Жанкелді айтқан сөзіне берік, сертке мәрт жігіт ағасы емес пе. Келесі күні-ақ жарты миллионнан аса қаржысын аударып, ардагерлерді қарық қылып тастады. 70 –тен зейнеткерді «Алатау ардагері» және он шақты ардагерді «Егемен Қазақстан», «Алатау Арайы», «Еңбекшіқазақ» газеттеріне жаздырды.

Шелек аймағының тумасы, белгілі кәсіпкер Жанкелді Осанның туған ауылындағы жерлестеріне жасап жатқан жақсылығы мен қайырымы осы мақалада баяндағанымыз оның бір парасы ғана. «Жаңбырмен жер көгереді, алғыспен ел көгереді», - демекші, осылай халқына қызмет еткен жанның еңесі биік, абыройы жоғары болмақ. Жомарт жүрек Жанкелді ініміздің имандылық жолында атқарып жатқан істері үнемі жемісті болсын, тасы өрге домалай берсін деген тілегімізді білдіргім келеді.

Әбілбек АЙТАҚЫНОВ,
Шелек ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы.

● БӘРЕКЕЛДІ!



Бүгінгі күні бала бақшалардан бастап мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін жасалып жатқан игілікті істер жан сүйсіндіреді. Осынау оқу-ағарту орындарының заманауи ағымнан қалмай заңғар биіктерге құлшыныс жасаулары қуана құптауға тұрады. Олардың күнделікті өмірлері жағымды жаңалықтарға толы.

Өткен жылы ғана пайдалануға берілген Ұмтыл ауылдық округіне қарасты Алмалыбақ ауылындағы жайлы орта мектепте оқу жылы басталған алғашқы күндерден-ақ көңіл аударарлық көптеген іс-шаралар халықтың назарын аударып үлгерді. Жайлы мектеп аты айтып тұрғандай, сапалы білім,

МЕКТЕПТЕН ГАЗЕТ ШЫҒАДЫ



саналы тәрбие берудің басты бағыттарын қарастырып, оқушылардың қабілет-қарымын арттыру жолында жасап жатқан шығармашылық ізденістері өмір талабына сайма-сай келеді. Оған көлденең тартар дәлеліміз де бар.

Биылғы жаңа жылды аталған жайлы мектеп жақсы істің жанашыры болумен бастап отыр. Атап айтқанда, аудан емес, облыс мектептері арасында бірінші болып «Мектеп LAFE» атты апталық мектеп газетінің алғашқы санын жарыққа шығарды. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, мектеп ұжымы маңызы жоғары бұл мәселені кеңінен ойластырып, берік байлам жасаған екен. Журнал форматы үлгісіндегі 28 беттен тұратын мектеп газеті өзіндік көркемдігімен, мән беретіндей мәселелерімен бірден баурап алады. Мұнда басылымға байланысты бар талаптар қатаң ескерілген.

Газеттің алдына қойған мақсаты да айқын. Ол мектептің апталық өмірін, оқу-тәр-

бие үдерісін, аналықтары мен жетістіктерін оқушыларға, педагогтар мен ата-аналарға жүйелі түрде таныстырып отыру арқылы, мектеп қоғамындағы ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету, оқушылардың танымдылық белсенділігін арттыру мен мектеп өміріне деген қызығушылығын күшейте түсу болып табылады. Әрі оқушылардың журналистика мамандығына қарай бетбұрыс жасауына ықпал ету.

Расында да апталық газеттің мектептің айнасы екендігіне анық көзіміз жетті. Ондағы арнайы айдарлармен берілген мақалалардың көтеріп тұрған жүгі де салмақты. Мұндағы жайлы мектеп директоры Жанар Әбдірахманованың осы мектеп газетіне арнап шын жүректен шығарған өлеңі көп жайларды айтқызбай-ақ аңғартады. Осы газеттің редакциялық алқалық құрамы: жоба жетекшісі, педагог-ұйымдастырушы Жәния Сейілханқызы, бас редактор, ағылшын тілі пәні мұғалімі Құралай Әбуқызы, тілші Айғаным Серікқы-



зы, фототілші Мұхамет Қатранұлы, дизайнер Нұрәли Мұратұлы.

Апталық газеттік алғашқы санының тұсаукесер рәсімі де салтанатты жағдайда өтті. Ұмтыл ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы, биология ғылымдарының докторы, профессор, академик Әйіп Ысқақов бастаған ардагерлер газеттің тұсауын кесіп, газеттің редакциялық алқасына сәттіліктер тіледі. Ендігі жерде газет әр аптада шығып тұратын болады.

Қанат ТӨКЕБАЕВ,
Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы.

ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ

ТАҒАЛЫМДЫ ШАРА

Байкент ауылының ақ жаулықты аналары мен ардагерлері тағы бір игі істің ұйытқысы болды. Ауылдық ардагерлер және аналар кеңесінің бастамасымен «Ұлағат» ардагерлер ансамблі Қонаев қаласындағы қарттар үйіне арнайы барып, жүрек тербеген әсерлі концерт ұйымдастырды.

Кештің шымылдығы ауылдық мәдениет үйінің директоры Жұлдыз Бұзауқызының жүргізуімен ашылып, тағалымды шараның сәнін кіргізді.

Кеш барысында Жанұзақ Өтесінов пен «Ұлағат» әжелер ансамблінің жетекшісі Қалнияз Жанжігітовтың орындауындағы әсем әндер қариялардың көңілін толқытып, өткен күндердің естелігін жаңғыртты. Сондай-ақ, жеке орындауда Назгүл Ошыбаева, Жәмилә Тоқырова, Бибігүл Сәдуақасова құлақ құрышын қандыра шырқаған әндеріне көрермендер ерекше ризашылықтарын білдіріп, ақ баталарын арнады. Жүректен шыққан әр әуен қариялардың жүрегіне жылу сыйлады.

Қайырымдылық шарасына қолдау көрсеткен жомарт азаматтың демеушілігімен қарттар үйіндегі 144 қарияға арнайы сый-сияпаттар үлестіріліп, мейірім мен қамқорлықтың жарқын үлгісі көрсетілді.

Бұл игі іске «Ұлағат» әжелер ансамблінің қосқан үлесі зор болды. Сонымен қатар, ансамбль әжелері де белсенділік танытып, сыйлықтарды

өздері арнайы барып таңдап, бар ықыластарын қосты.

Жылы жүз, ақ тілек, әсем әнге толы бұл кездесу үлкенге құрметтің, ұрпаққа өнегенің, адамгершілік пен мейірімнің айқын көрінісі болып, көптің жүрегінде ұзақ сақталары сөзсіз.

Жаңылсын ӨГІЗБАЕВА,
Байкент ауылдық ардагерлер ұйымының төрайымы.



УВЛЕЧЕНИЯ

ВОЗРАСТ – НЕ ПОМЕХА!

Сегодняшний мой очередной рассказ — об ансамбле әжелер в нашем селе и о том, с чего всё начиналось.

Рано или поздно в любом ауле встает вопрос занятости населения в свободное время, в том числе, так сказать, возрастного. Принято считать, что у пенсионеров времени много, хотя с этим расхожим тезисом можно поспорить. Прошел год с того момента, как родилась эта инициатива, и, оглядываясь назад, мы можем с гордостью сказать – у нас всё получилось!

Я пришла со своей идеей к старшей жительнице нашего села – Тойлыбаевой Айткуль. Она пользуется большим авторитетом среди женщин и поддержала это начинание. Именно благодаря её советам и убедительным аргументам стал формироваться костяк нашего ансамбля. И в самом деле, неужели мы, аяшкы, как говорится, не можем «тряхнуть стариной», выйти на сцену и спеть что-то душевное, любимое?! Конечно же, можем! Вот так,

шаг за шагом, мы возрождали в родном селе очаг творчества и единства пожилых людей.

Большую поддержку нам оказал старейшина села Дуйсембаев Назаркул Талдыбаевич, который подыскал нам помещение для проведения репетиций. С этого момента наши бабушки стали активно участвовать во всех мероприятиях города Алатау, радуя зрителей своим творчеством, национальным колоритом и жизнерадостностью, возрождая любовь к народным песням.

Искреннюю благодарность хотелось бы выразить нашим

участницам ансамбля, а именно: Кунназаровой Аймекен, Усенбаевой Асылжан, Нуруллаевой Хатире, Есенбековой Сабире, Ерасыловой Мейрамкуль, Дузбаевой Акмарал. Отрадно, что наш коллектив растёт: в конце прошлого года к нему присоединились Талканбаева Гулчатай, Мустапаева Арызкуль и Сулекеева Шолпан.

К слову, все национальные костюмы аяшкы покупали сами, но со временем хотелось бы, чтобы сценической одежды у нас стало больше и чтобы нашлись меценаты,



Участники ансамбля представили номер «Келін тусіру» на конкурсе национальные традиции казахов.



Айткуль Тойлыбаева, старейшая (75 лет), участница, а также руководитель ансамбля әжелер.

которые обеспечат достойное представление бабушек на сцене. Также мы ищем в ансамбль гармониста, чтобы выступления вокальной группы стали более яркими и самобытными. Добро пожаловать в наш коллектив!

Пользуясь случаем, через газету «Алатау Ардагері» (скажу вам, её популярность у нас растёт — её ждут и спрашивают), хочу поблагодарить наших любимых женщин за энтузиазм, энергию и активную жизненную позицию! Вы – пример для молодежи, яркое доказательство того, что возраст – не помеха! Пусть наш ансамбль процветает и дальше и дарит зрителям ещё больше положительных эмоций!

Галина ИГИБАЕВА,
микрорайон Жана Арна,
город Алатау

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

ВИРУСТЫ ГЕПАТИТ «А» АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Вирустық гепатит «А» жұқпасы - бұл жедел жұқпалы ауру, басқаша айтқанда, бауыр мен өт шығару жүйесінің зақымдануымен жүретін және вирус тудыратын Боткин ауруы. «А» гепатитімен барлық жастағы адамдар ауырады, бірақ көбінесе – балалар, жасөспірімдер. Байланыс және тұрмыстық жолмен беріледі.

Аурудың қоздырғышы-пикорнавирустар тұқымдасына жататын А гепатиті вирусы. Ауру адам инфекция көзі болады. Гепатит А инкубациялық кезеңі 2-6 апта аралығында болады.

Вирус ағзаға келесі жолдармен енуі мүмкін: сумен - инфекция жұқтырған ауыз суды тұтыну және жұқтырған суға шомылу кезінде мүмкін; тамақпен - салаттар, көкжелек, жемістер және т.б. жеу нәтижесінде; ауру адамдармен тығыз байланыста болған кезде, жұқтырған ыдыс-аяқ, ойыншықтар, тұрмыстық заттар арқылы.

Аурудың белгілері: науқаста тәбет нашарлайды, оң жақ гипохондрияда ауырсыну, жүрек айну, жиі құсу пайда болады, нәжіс түссізденеді, зәр қараяды, терінің және шырышты қабаттардың сарғаюы пайда болады, бауыр үлкейеді.

«А» вирусты гепатитінің алдын алу шаралары:

- Вакцинация гепатит А вирусынан қорғандың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Вакцина инфекция түрінде қол жетімді және вируспен жұқпау үшін ұзақ уақытқа қорғайды.
- көшеден үйге оралғаннан кейін, тамақтанар алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолыңызды сабынмен мұқият жуыңыз;
- кездейсоқ су көздерінен және «краннан» су ішпеңіз, тек қайнатылған су ішіңіз;
- қолданар алдында көкөністерді, жемістерді, жидектерді мұқият жуыңыз;
- кездейсоқ адамдардан немесе рұқсат етілмеген сауда орындарынан азық-түлік сатып алмаңыз;
- үйде ыстық және суық тағамдарды дайындау кезінде гигиена ережелерін сақтаңыз, азық-түліктің, әсіресе тез бұзылатын тағамдардың жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттарын сақтаңыз, шикі өнімдер мен дайын тағамдарды бөлек сақтаңыз;
- шикі өнімдерді өңдеу үшін жеке пышақтар мен кесу тақталарын пайдаланыңыз;
- тағамдарды мұқият қуырыңыз немесе пісіріңіз;
- тез бұзылатын тағамдар мен дайын тағамды тек тоңазытқышта +2 +6°C температурада сақтаңыз.

ҚҰТЫРМА - АСА ҚАУІПТІ АУРУ

ҚҰТЫРМА зоонозды вирустық, табиғи ошақты, қоздырғышы қарым-қатынас арқылы берілетін, инкубациялық кезеңі ұзаққа созылатын, жүйке жүйесін зақымдайтын және соны өліммен аяқталатын жұқпалы ауру. Жұқпа көздері түлкі, қасқыр, ит, мысық, кеміргіштер, ірі қара мал, ұсақ мүйізді мал.

Құтырма ауруының инкубациялық кезеңі 10 күннен 1 жылға дейін. Қоздырғыш енген жерде алғашында қышыма пайда болып, неврология сипаттаған ауру сезімі дененің басқа жерлеріне беріле бастайды. Адамды қорқыныш билеп, қатты алаңдап, күйзеліске ұшырайды. Ауру белгілері басталғаннан 1-3 күн өткен соң ол судан, жарықтан, шудан қорқа бастайды. Жарық сәулесі немесе аздаған жел лебінің өзі, судың сылдыры адамның денесін құрыстырып, дірілдетіп, қалшылдатады. Әсіресе тыныс жолдарының булшық еттері қарысып, тұншығады. Құтырмамен ауырған адамның жазылуы қиын.

Құтырма ауруының алдын алу шаралары үй жағдайында ұстау ережелерін сақтау, үй жануарларын құтырма ауруына қарсы профилактикалық егу.

Жануарлар тістеуінен, сілекейленуінен, тырнауынан зардап шеккен адамдар бірден медициналық көмекке жүгінуі керек. Дәрігер тағайындаған антирабиотикалық екені схемаға сай алу маңызды. Зардап шеккендер емдеу-профилактикалық егуді 5 рет алады. Екпе қабылдап жүргенде қатты ыстықтан, салқыннан қорғану қажет және алкогольді ішімдіктер ішуге болмайды.

Адамдарды тістеп алған ит, мысық және тағы басқа жануарларды емдейтін (ветеринарлық) мекемеге жеткізіп, 10 күн бойы бақылау керек. Адамды қапқан жануарды өлтіруге болмайды, өйткені бақылау қорытындысы бойынша алдын ала емдеу тактикасын таңдау қажет болады.

Үйде ұстайтын иттер мен мысықтарды жыл сайын құтырма ауруына қарсы екікізіп отыру керек, серуендету жөніндегі ережені сақтау керек. Кез келген адам иелігіне жаңадан сатып алған итті тіркеуден өткізіп, ектіруге міндетті. Кешкі уақытта итті тек жабық



аулаға жіберу керек. Жалпы ортақ аулаға немесе серуендету үшін көшеге итті тек қысқа қарғыбаумен және мұрындықпен шығару керек.

Құтырмамен ауырған адам сауықпайды, бірақ алдын алуға болады. Зардап шеккен адамды сақтандырудың бірден-бір шарасы егу. Сондықтан сырт көзге дені сау болып көрінген жануардың тістеуінен немесе тырнауынан зардап шеккен жағдайда да дереу дәрігерге көрініп, дәрігер тағайындаған емнің толық курсына алу қажет.

Антирабиотикалық вакцина мен иммуноглобулин ауруға қарсы жалғыз ем.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»



Только начинающий свой творческий путь ансамбль әжелер микрорайона Жана арна города Алатау.